

Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 80 "Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 260 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 қыркүйекте № 2995 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 03 шілдедегі № 199 қаулысымен

Ескерту. Қаулының орысша тіліндегі мәтінінде 3-тармақтағы "календарьных" деген сөз "календарных" деген сөзбен ауыстырылды - Атырау облысы әкімдігінің 20.03.2015 № 84 (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 03.07.2015 № 199 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 16-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 14 тамыздағы № 249 "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу жөніндегі қағиданы бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Атырау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 80 "Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2902 тіркелген, 2014 жылғы 5 маусымдағы "Атырау" газетінде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген "Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі" спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Регламентінде:

келесі мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі" спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы осы Регламенттің 3-қосымшасында келтірілген ;

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын:

2) көрсетілген қаулымен бекітілген "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Регламентінде:

келесі мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы осы Регламенттің 3-қосымшасында келтірілген ;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Ш. Ж. Мұқанға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс


әкімі Б.




Ізмұхамбетов

Облыс әкімдігінің
2014 жылғы 29 тамыз № 260
қаулысына 1-қосымша
"Спорт шеберіне кандидат, бірінші
спорттық
разряд, біліктілігі жоғары және орта
деңгейдегі бірінші санатты
жаттықтырушы,
біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші

санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі
ж о ғ а р ы
және орта деңгейдегі бірінші санатты
ә д і с к е р ,
бірінші санатты спорт төрешісі"
с п о р т т ы қ
разрядтары мен санаттарын беру"
м е м л е к е т т і к
қызмет көрсету регламентіне 3-қосымша

"Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі" спорттық разрядтары мен санаттарын беру" Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы








-  - мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
-  - мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының және (немесе) ҚФБ рәсімінің (іс-әрекетінің) атауы;
-  - келесі рәсімге (іс-әрекетке) көшу.

Облыс әкімдігінің 2014 жылғы 29 тамыз № 260 қаулысына 2-қосымша "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық

разрядтары мен санаттарын беру"
мемлекеттік
қызмет көрсету регламентіне 3-қосымша

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



-  - мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
-  - мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының және (немесе) ҚФБ рәсімінің (іс-әрекетінің) атауы;
-  - келесі рәсімге (іс-әрекетке көшу).
-  - таңдау нұсқасы;